

КМҚК №33 «Көркемай» бөбекжай – бақшасы

Білім беру саласы: «Таным»
Оқу қызметі: «Жаратылыстану»
Өтпелі тақырып: «Әрқашан күн сөнбесін!»
«Жұлдыз» ортаңғы тобы

Тәрбиеші: Нурлыбаева Г.Т.

2022 оқу жылы

Бекітілді:

Білім беру саласы: «Таным»

Оқу қызметі: «Жаратылыстану»

Өтпелі тақырып: «Әрқашан күн сөнбесін!»

Апта тақырыбы: «Жаз мезгілі»

Тақырыбы: «Жыл мезгілдері»

Мақсаты:

Білімділік: балаларды жыл мезгілдерімен таныстыра отырып, әр мезгілдің өз ерекшелігін түсіндіру.

Дамытушылық: балалардың ойлауын дамыта отырып, сөздік қорын молайту. Балалардың ұсақ моторикасын, қимыл-қозғалысын дамыту.

Тәрбиелік: табиғатты сүйуге, аялауға, бағалауға тәрбиелеу.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің көрнекіліктері: Жыл мезгілдеріне сай безендірілген бөлме Жыл мезгілдеріне саяхат

Әдіс – тәсілдер: Әңгімелесу, сұрақ–жауап, дидактикалық ойындар: көрсету, түсіндіру, слайд .

Сөздік жұмыс: Жаз, күз, қыс, көктем.

Бүгінгі ашық оқу қызметіміздің шаттық шеңберін біз ойынмен бастайық

Балалар сендердің ойын ойнағыларың келеме? Иә, ендеше қазір біз

«Ойлан тап» деген ойын ойнаймыз!

Қазір менің қолымда доп бар, мен бұл допты бір балаға лақтырамын сол бала менің қойған сұрақтарыма жауап беріп, кері лақтыру керек түсіндіңдер ме? Иә.

Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

Жылдың неше мезгілі бар, кім айтып жібереді?

Балалар: Жылдың төрт мезгілі бар. Олар: күз, қыс, көктем, жаз.

Қыс айларын атаңдар?

1. Қыс мезгілі: Желтоқсан, қаңтар, ақпан.

2. Көктем мезгілі. Наурыз, сәуір, мамыр.

3. Жаз мезгілі: Маусым, шілде, тамыз.

4. Күз. мезгілі: Қыркүйек, қазан, қараша. Жақсы орындарыңа отыра қойыңдар.

Тәрбиеші: Балалар, сендер алыс жерге саяхатқа барғыларың келе ме?

Балалар: Ия

Ендеше осы төрт мезгілде не болып жатқанын байқап қайтайық.

Барлығымыз сиқырлы поезд отырып, саяхатымызды бастайық.

(Балалар, байқап отырыңдар, қазір әуен қосылғанда жүреміз..

Көздеріңді жұмып, ыңғайлап қатты ұстап отырыңдар. Балалар көздерін жұмып, ыңғайлана отырып, көктем туралы әуен тыңдап саяхатты бастайды.

Балалар: сайраған құстардың, ағаштардың сыбдырын т.б естідік.

Тәрбиеші: *Бұлтты айдай желдеткен,*

Нөсерлеткен, селдеткен,

Шалшық кешіп ойнайтын,

Қай мезгіл деп ойлайсың?

(Слайдтан көктем мезгілінің суреті шығады)

Мінебалалар, көктеммезгіліне де жеттік. Бәрімізжайланаотырып, бірсәткекөзіміздіжұмыпкөктемнің таза ауасыментереңтынысалып, көктемгітабиғатпенсырласайық. (Үнтаспадансайрағанқұстардың, ағаштардыңсыбдырынт.б) тыңдайды. Үнтаспаданненіңүнінестідіңдер?.

Көктемде бәйшешек гүлдейді, көктемде ағаштар бүршік жарады, көктемде құстар ұя салады. Күн жылы болады. Қар ериді. Күн ұзарады, түн қысқарады. Айнала жасыл түске бөленеді. Балалар қуанады, ойнайды. Күзде ұшып кеткен құстар қайта оралады. Жауын көп жауып, кемпірқосақ шығады, жерден гүлдер шыға бастайды. Адамдар егін егіп, тал отырғызады. Көктемде үш ай бар. Олар: наурыз, сәуір, мамыр. Көктемде: Қарлар еріп, жерден көк шөптер шығып жер жасыл түске боялады. Ағаштар бүршік атады. Күн ұзарып, жылынады. Көктемдеегілген астықтар пісіп, егіншілер егіндерін, астықтарын жинайды. Ауа райы суытып, құстар жылы жаққа ұшып кетеді.

Көктем:мезгілінде алғашқы жер бетіне шығатын қандай гүл?

Фатима: Көктемде алғаш жер бетіне шығатын бәйшешек гүлі

Слайдтан бәйшешек гүлі

Ендеше қоштасып, саяхатымызды әрі қарай жалғастырайық.

Тәрбиеші: Балалар, қане әуе шарына отырып, әрі қарай саяхаттайық.

Жұмбақ: Қойның толы жеміске

Көк майсалы егісте

Көбелек қуып ойнайтын

Қай мезгіл деп ойлайсың? (жаз)

(Слайдтан жаз мезгілінің суреті шығады).

Міне жаз мезгіліне де келіпсіз. Абайлап түсіп, алға қарай жүрейік.

Жазда: жерде гүлдер көбейіп, қызыл, сары көбелектер гүлді айнала ұшады.

Балалар құммен ойнап, суға шомылады. Күннің көзі шуағын жерге мол төгеді.

Әдемі гүлдер өседі. Жемістер, жидектер, көкөністер пісе бастайды. Айнала алуан түске бөленеді. Жазда үш ай бар. Олар: маусым, шілде, тамыз.

Арайлым: Жаз мезгілі-жылдың ең қызықты кезі. Балалар жазғы демалысқа шығады,суға шомылып,балық аулауға барады. Балалар демалатын орындарға барады,ал кейбір балалар жайлауға ата-әжелеріне барады.

Дидактикалық ойын: «Қуыршақты киіндір»

Мақсаты: қуыршақты жылдың төрт мезгіліне сәйкес киіндіру.

Ал балалар жаз мезгілімен таныстық.

Тәрбиеші: қане, балалар, денемізді бір сергітіп алайық.

Сергіту сәті:*Жаңбыр жауды себелеп,*

Гүлге қонар көбелек,

Жапырақтың астына

Тығылады зой көбелек.

Тәрбиеші: Міне, көктем мен жаз мезгілінен де өттік. Әрі қарай саяхатымызды жалғастырайық. Поездға отырып, күз мезгіліне келеді. Балалар, күз мезгілінің сұлулығына қараңдаршы, неткен әдемі?.

Күзде: ағаш жапырақтары сарғайып, ағаштарда, жерде сары түске оранады. Жауын жиі жауып, адамдар жауында қолдарына қолшатыр, аяқтарына резеңке етік киеді. Жемістер мен көкөністердің барлығы піседі. Құстар жылы жаққа ұшып кетеді. Жапырақтарсарғаяды. Айналасап-сарыболады.. Күздеуш ай бар. Олар: қыркүйек, қазан, қараша.

Тәрбиеші: поездға отырып, саяхатымызды жалғастырайық.

Тәрбиеші: *Шанамен зырлап келетін,*

Шаңғы, коньки тебетін,

Аққала жасап ойнайтын,

Қай мезгіл деп ойлайсың?

(Слайдтан қыс мезгілінің суреті шығады.)

Тәрбиеші: Қараңдаршы айнала аппақ, қар басқан. Бұл қай мезгіл болғаны?.

Балалар: Қыс мезгілі.

Тәрбиеші: Аппақ таза ауамен терең тыныстап алайық.

Балалар: Таза ауамен тыныстайды.

Қыста: күн суық болып, көп қар жауады, жер ақ түске оранады. Өзен-көлдерге мұз қатады. Адамдар жылы, қалың киімдерін киеді. Мысалы: қалпақ, қолғап, қалың күрте, етік. Балалар қармен ойнап, аққала жасайды, шанамен сырғанайды, шаңғы тебеді

Қимылды ойын: «Қызықты табиғат» әуенмен

Балалар мен сендерге сұрақ қойғым келіп тұр.

Тәрбиеші: Қыс мезгілі несімен қызықты?

Жарайсыңдар балалар.

Алина : Балалар қыста күн суық болып, боран соғады. Аяз болып, сулар мұз болып қатады.Қар жауады. Адамдар жылы киімдерін киеді.

Исмайл: Қыста қар жауады, қардан аққала жасап ойнаймыз.Шанамен ойнаймыз.

Қысқы ойын түрлерін атап беріңдерші.

Қысқы ойын түрлері: қармен атысу, коньки тебу, шаңғы тебу, аққала жасау, шанамен сырғанау.

Поездға отырып, балабақшаға оралады.

Қорытынды: **Дидактикалық ойын: «Жыл мезгілдеріне саяхат»**

Шарты: Суретке қарап жылдың қай мезгіліекенін, ерекшеліктерін айтып береді.

Жыл мезгілдерінің өзгерістері қандай болады?

Мадақтау.